

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

КеАҚ Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің жанындағы 8D082 Мал шаруашылығы кадрларды даярлау бағыты (6D080200 – Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы мамандығы; 8D08201 - Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы білім беру бағдарламасы бойынша 2024 жылғы диссертациялық кеңес

Есеп мынадай мәліметтерді қамтиды:

1. Өткізілген отырыстардың саны туралы деректер.

Осы жылы 11 отырыс өткізілді, оның ішінде 7 отырыс докторанттардың диссертациялық жұмысын қорғау бойынша.

2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) - жоқ.

3. ЖЖОКБҰ көрсетілген докторанттар тізімі.

№	Т.А.Ә.	Мамандығы	Диссертация тақырыбы	Ғылыми жетекшілер	ЖОО (оқу орны)
1	Нусупов Аманжан Максутканович	6D080200 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы»	«Камышинское» ЖШС жағдайында «Ертіс» сүтті типті симментал сиырларының және оның будандарының өнімділігі	1.Самбетбаев Адильхан Абуович - ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, «Зооинженерия» кафедрасының профессоры; 2.Кожебаев Болатпек Жанахметович - ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, «Ауыл шаруашылығы және биоресурстары» кафедрасының профессоры; 3.Горелик Ольга Васильевна - ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, Орал	Қазақ ұлттық аграрлық Зерттеу университеті

				<p>мемлекеттік аграрлық университеті, «Биотехнология және тамақ өнімдері» кафедрасының профессоры, (Екатеринбург, Ресей).</p>	
2	<p>Маратова Гүлдана Маратқызы,</p>	<p>6D080200 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы»</p>	<p>«Жасанды ұдайы өндірістің тиімділігін арттыру үшін генетикалық әдістерді пайдалану арқылы бекіре балықтарының ремонттық аналық үйірлерін қалыптастыру»</p>	<p>1.Исбеков Куаныш Байболатович - биология ғылымдарының докторы, профессор, «Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС бас директоры.</p> <p>2.Альпейсов Шохан Ашенович - ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, ҚазҰАЗУ «Зооинженерия» кафедрасының профессоры.</p> <p>3.Подушка Сергей Борисович – «ЧНИОРХ» ЖШҚ ғылым бойынша орынбасары, Ресей бекіре өсірушілер ұйымының Вице-Президенті, биология ғылымдарының кандидаты, Ресей Федерациясы, Санкт – Петербург қаласы</p>	<p>Қазақ ұлттық аграрлық Зерттеу университеті</p>
3	<p>Кубекова Бахыт Жанайдаровна</p>	<p>6D080200 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы»</p>	<p>«Солтүстік Қазақстанда голштиндендірілген сиырлардың табиғи резистенттілігі және сүт өнімділігі, экстерьерлік-конституционалдық ерекшеліктері».</p>	<p>1.Папуша Наталья Владимировна – Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Азық-түлік қауіпсіздігі және биотехнология» кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., ауыл</p>	<p>Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті</p>

				<p>шаруашылығы ғылымдарының кандидаты.</p> <p>2. Яковчик Николай Степанович - Беларуссия мемлекеттік аграрлық-техникалық университеті, Агроөнеркәсіптік кешен кадрларын қайта даярлау және біліктілігін арттыру институтының бастығы, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор (Беларуссия)</p>	
4	Құлжанова Ботагөз Оңдасынқызы	6D080200 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы»	«Қой сүтінен өндірілетін ұлттық тағамдар технологиясының ғылыми негіздері»	<p>1. Омбаев Абдирахман Молданазарұлы – Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің «Мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің сапасын басқару» Халықаралық зерттеу орталығының жетекшісі, ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор.</p> <p>2. Аджит Дж. Пандья - Ананд ауылшаруашылығы университетінің профессоры, доктор. (Үндістан)</p>	Қазақ ұлттық аграрлық Зерттеу университеті
5	Бекболатова Айнагуль Такеновна	6D080200 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы»	«Солтүстік Қазақстан өңірінде қалмақ тұқымы төлінің өсім қарқынын арттыру»	1. Айтжанова Индира Нурлановна – Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің қауымдастырылған профессор м.а., философия докторы (PhD).	Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті

				<p>2. Джуламанов Киниспай Мурзагулович – РФ Оренбург қ. биологиялық жүйелер және агротехнологиялар ФБГО малдың етті тұқымдары бойынша селекциялық-генетикалық орталықтың басшысы, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы.</p>	
6	Смаилова Мадина Нурбековна	6D080200 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы»	«Алғашқы лактация кезінде қара-ала тұқым ремонтты ұрғашы сиырларын өсіру қарқындылығын олардың кейінгі сүт өнімділігіне әсері»	<p>1. Папуша Наталья Владимировна – Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Азық-түлік қауіпсіздігі және биотехнология» кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты.</p> <p>2. Чабаев Магомед Фазиұлы – ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, «Мал шаруашылығын федералды зерттеу орталығы – академик Л. К. Эрнст атындағы ВИЖ» ФГБНУ ауыл шаруашылығы жануарларын азықтандыру бөлімінің бас ғылыми қызметкері.</p>	Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті
7	Шевченко Павел Викторович	6D080200 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы»	«Солтүстік Қазақстан аймағы жағдайында абердин – ангусс тұқымының	1. Папуша Наталья Владимировна – Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің	Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік

			өнімділік сапасы мен репродуктивті ерекшеліктері»	«Азық-түлік қауіпсіздігі және биотехнология» кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты. 2. Брель-Киселева Инна Михайловна – Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Азық-түлік қауіпсіздігі және биотехнология» кафедрасының меңгерушісі, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты. 3. Ян Мичинский – PhD доктор, профессор, Варминско-Мазурский университеті, Польша.	университеті
--	--	--	---	---	--------------

4. Мынадай бөлімдерді қамти отырып, есепті жылдың ішінде кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстардың тақырыптарын талдау;

Нусупов Аманжан Максуткановичтің «Камышинское» ЖШС жағдайында «Ертіс» сүтті типті симментал сиырларының және оның будандарының өнімділігі диссертациясын талқылауда Алғашқы рет Солтүстік-Шығыс Қазақстан жағдайында «Камышинское» ЖШС «Ертіс» типі малдары және олардың отандық селекциядағы «Ертіс» типі мен симментал және шетелдік селекциядағы «Ертіс» типі мен қызыл-ала голштин будандарының өнімділіктері салыстырмалы түрде зерттеген. Зерттеу нәтижелері бойынша алынған барлық нәтижелердің вариациялық статистикасы есептелініп, шаруашылыққа экономикалық тиімді жақтары анықталып, шаруашылықта өндіріске енгізілуде. Отандық селекция «Ертіс» типі мен симментал будандарында «Ертіс» типі малдарына қарағанда симментал тұқымды малдарының тұқымдық құндылықтарын нығайтқан, жас төлдердің өсіп-жетілуілері кезеңдер бойынша жоғарлаған, тайыншалардың

алғашқы ұрықтану жастары мен тұмса сиырлардың сервис мерзімдері қысқарған. Шетелдік селекция «Ертіс» типі мен қызыл-ала голштин будандарында «Ертіс» типі сиырларына қарағанда сауым маусымы кезінде сауылған сүттің көлемін ұлғайтты, сол сиырлардың желіндерінің құрылымдарын одан әрі жақсартып, тайыншалардың алғашқы ұрықтану жастарындағы тірі салмақтарын төмендетті.

Маратова Гүлдана Маратқызының «Жасанды ұдайы өндірістің тиімділігін арттыру үшін генетикалық әдістерді пайдалану арқылы бекіре балықтарының ремонттық аналық үйірлерін қалыптастыру» тақырыбында қорғаған диссертациясын талқылауда рерттеу жұмыстары Маңғыстау және Атырау облыстарында орналасқан шаруашылықтарда бекіре тұқымдас балықтардың толықтырушы аналық үйірлерін қалыптастыру және өсімін молайту бойынша жүргізілген. Қазақстандағы бекіре өсіру шаруашылықтарында «Kazakh osseter» және «Жайық-Атырау бекіре зауыты» алғаш рет сүйрік балығына ДНҚ-маркерлерді пайдаланып (Afug 41, Afug 51, Aug 135, AoxD 161, AoxD 165.) генотиптеу арқылы генетикалық төлқұжаттар әзірленген. Бекіре тұқымдас балықтарды бағалау және толықтырушы аналық үйірлерді қалыптастыру кезіндегі өндірушілердің балық өсіру – биологиялық көрсеткіштеріне талдау жүргізілген. Қазақстан Республикасында алғаш рет генетикалық құрылымын ескере отырып, бекіре тұқымдас балықтардың толықтырушы аналық үйірлерін (ТАУ) құру жүргізілді. Алғаш рет Маңғыстау облысында тұйық жүйелі қондырғылар (ТЖҚ) жағдайында шаруашылықта өсіріліген өзіндік өндірушілерін пайдалана отырып бекіре балықтарының өсімін жасанды молайту жұмыстары жүргізіліп, өміршеңдігі жоғары шабақтар алынып, генетикалық төлқұжаттар қалыптастырылған. Сондай-ақ, Қазақстанда алғаш рет Жайық-Атырау бекіре зауытында табиғи суайдындарды балықтандыруға пайдаланатын шабақтардың сапасына бағалау берілген.

Кубекова Бахыт Жанайдаровна «Солтүстік Қазақстанда голштиндендірілген сиырлардың табиғи резистенттілігі және сүт өнімділігі, экстерьерлік-конституционалдық ерекшеліктері» тақырыбы Республика да мал шаруашылығымен айналысатын қожалықтар алдына қойылған басты міндеттері ол Қазақстанның сүтті мал шаруашылығының генетикалық әлеуетін арттыру. Солтүстік Қазақстанның экстремалды жағдайында сүтті мал шаруашылығын қарқынды жүргізу өнімділіктің генетикалық әлеуетін неғұрлым толық іске асыруға және оны бірнеше лактация кезеңінде сақтауға қабілетті ең өнімді және төзімді жануарларды іріктеген. Табиғи төзімділік көрсеткіштері бойынша селекция табиғи сұрыпталу және селекциялық көрсеткіштер бойынша орналасу нәтижесінде айтарлықтай жойылмай, типтегі жануарлардың қалыпты көбеюіне ықпал ететінгі анықталған.

Құлжанова Ботагөз Ондасынқызының «Қой сүтінен өндірілетін ұлттық тағамдар технологиясының ғылыми негіздері» тақырыбында докторанттың диссертациялық жұмысы жаңа шикізат көзін қолдану арқылы халық денсаулығын сақтауға және нығайтуға, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге бағытталған қой сүтінен толыққанды да құнды өнімдер

өндіру (сүт қышқылды өнімдері, ірімшік) технологияларын жасау арқылы ғылыми және практикалық тұрғыдан ерекше мәні бар екендігін айқындаған.

Бекболатова Айнагуль Такеновнаның «Солтүстік Қазақстан өңірінде қалмақ тұқымы төлінің өсім қарқынын арттыру» атты тақырыптағы зерттеу жұмысын тақылау мақсатында Етті мал шаруашылығының сәтті дамуы көбінесе азық-түлік базасы мен прогрессивті технологиялар деңгейіне ғана емес, сонымен қатар жоғары өнімділікке, мықты конституцияға, жақсы репродуктивті қабілетке ие болуға, сонымен қатар әртүрлі технологияларға және жергілікті табиғи-климаттық жағдайларға бейімделуге болатын жануарлардың генотипін жақсартуға байланысты екендігі назарға алынған.

Етті бағыттағы ірі қара мал өсіретін шаруашылықтарға етті мал табындарын құру кезінде ет өндіру көлемі мен сапасын арттыру мақсатында отандық тұқымдарымен қатар шетелдік импортталған қалмақ тұқымының өсімталдығы жоғары типті аталық іздерінен тараған өндіруші-бұқаларын пайдалануды ұсынған.

Смаилова Мадина Нурбековның «Алғашқы лактация кезінде қара-ала тұқым ремонтты ұрғашы сиырларын өсіру қарқындылығының олардың кейінгі сүт өнімділігіне әсері» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысында иммуноглобулиндердің құрамы бойынша уыз сүтінің сапалық құрамын талдау және оның жас малдардың өсуі мен дамуына әсерін бағалау, сондай-ақ уыз кезеңіндегі тәжірибелік ұрғашылардың қанындағы ақуыздар мен минералдардың көрсеткіштерін зерттеген. Қостанай облысының «Заря» АҚ-да сүтті және сүттен кейінгі кезеңдерде зерттелетін топтардың жас малдарының өсуі мен дамуына әртүрлі азықтандыру схемаларының ерте жемісті ұрықтандыруға әсерін талдаған. Әр түрлі өсіру үлгілеріне байланысты алғашқы бұзаулаған сиырдың репродуктивті қабілеті мен репродуктивті қасиеттерін талдаған. Зерттелетін топтардың сүт өнімділігі мен сүттің сапалық көрсеткіштерін талдаған.

Шевченко Павел Викторовичтің «Солтүстік Қазақстан аймағы жағдайында абердин – ангус тұқымының өнімділік сапасы мен репродуктивті ерекшеліктері» тақырыбы бойынша диссертациялық жұмысы Қостанай облысының жағдайында селекциялық-генетикалық параметрлерін ескере отырып, абердин-ангус ірі қара малының өнімділігін, репродуктивті қасиеттерін кешенді зерттеу және бағалау және асыл тұқымдылығын арттырудың генетикалық қорын анықтау, әр түрлі линияға байланысты қасиеттері мен етті мал шаруашылығының рентабельділігін арттыру болып табылады. Абердин-ангус тұқымы табынының генеологиялық құрылымы, құрамының класстық және тұқымдық сараптама берген. Әр түрлі аталық ізден тараған малдардың әр түрлі жастағы топтарының экстерьерлік-конституционалдық ерекшеліктерін, өзіндік өнімділігі бойынша (өсіп, дамуы) абердин ангус тұқымы төлдерін зерттеген, ұдайы өндіру көреткіштері бойынша аналық табынды бағалаған, бұқа өндірушілерді ұрпақтарының сапасына қарай, индекстік балл орнату және олардың ең жақсысын бағалаған, - X , S_x , σ , C_v , r , z . S_d селекциялық және генетикалық параметрлерді есептеп, өнімділік қасиеттерін бағалаған, буаздықты жылдам

диагностикалаудың тиімді әдістеріне эксперименттік зерттеулер келтірген, STR локустарын пайдалана отырып, абердин-ангус ірі қара малына микросателлиттік ДНҚ талдау келтірген.

2) Диссертация тақырыбының "Ғылым және технологиялық саясат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамытудың басым бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

Нусупов Аманжан Максутканович «Камышинское» ЖШС жағдайында «Ертіс» сүтті типті симментал сиырларының және оның будандарының өнімділігі» тақырыбындағы диссертациясын 2019-2021 жылдарға арналған бастамашыл жоба аясында орындаған.

Маратова Гүлдана Маратқызының «Жасанды ұдайы өндірістің тиімділігін арттыру үшін генетикалық әдістерді пайдалану арқылы бекіре балықтарының ремонттық аналық үйірлерін қалыптастыру» тақырыбында қорғаған диссертациясын 019 «Маңғыстау облысында балық шаруашылығын қарқынды дамыту үшін генотиптеу арқылы бекіре тұқымдас балықтардың толықтырушы аналық үйірлерін өсіру және қалыптастырудың инновациялық тәжірибесін енгізу» және «Инновациялық технологиялар мен жаңа балық өсіру нысандарын әзірлеу және енгізу арқылы Қазақстандағы аквакультура шаруашылығын кешенді дамытуды ғылыми-технологиялық қамтамасыз ету» (№10264236) ғылыми-техникалық бағдарламасы аясында жүргізілген.

Кубекова Бахыт Жанайдаровна «Солтүстік Қазақстанда голштиндендірілген сиырлардың табиғи резистенттілігі және сүт өнімділігі, экстерьерлік-конституционалдық ерекшеліктері» диссертациясы бастамашыл жоба аясында орындаған.

Құлжанова Ботагөз Оңдасынқызының «Қой сүтінен өндірілетін ұлттық тағамдар технологиясының ғылыми негіздері» ғылыми - зерттеу жұмыстары 2023-2025 жылдарға арналған ИРН АР19175496 «Жас ғалым» жобасы бойынша жас ғалымдардың зерттеулерін гранттық қаржыландыруға арналған конкурсы бойынша «Биязы жүнді, жартылай биязы жүнді және қылшық жүнді саулықтар сүтінің сапасын зерттеу» жобасы және іске асыру мерзімі 27 ай 2020-2022 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурсы бойынша ИРН АР0885575 «Ұсақ мүйізді мал сүті негізінде капсулалы жеміс-жидек концентраты бар тірі йогурт технологиясын жасау» жобалары аясында орындалған.

Бекболатова Айнагуль Такеновнаның «Солтүстік Қазақстан өңірінде қалмақ тұқымы төлінің өсім қарқынын арттыру» атты тақырыптағы зерттеу жұмысы зерттеудер мемлекеттік тапсырыс шеңберіндегі жоба 217 "Ғылымды дамыту" бюджеттік бағдарламасы, 102 "Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру" кіші бағдарламасы, 156 "Консалтингтік қызметтер мен зерттеулерді төлеу" ерекшелігі бойынша ЖТН АР08956453 "Қостанай облысы жағдайында қалмақ тұқымын жетілдіру жөніндегі бағдарламаны

әзірлеу" ғылыми гранттық жобасы мен қатар BR 10764981-ОТ-22 «Етті мал шаруашылығында генетикалық ресурстарды сақтау мен жетілдірудің селекциялық процесін тиімді басқару технологияларын әзірлеу» ғылыми-техникалық бағдарлама аясында орындалды.

Смаилова Мадина Нурбековның «Алғашқы лактация кезінде қара-ала тұқым ремонтты ұрғашы сиырларын өсіру қарқындылығының олардың кейінгі сүт өнімділігіне әсері» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысы 2021-2023 жылдарға арналған ҚР АШМ BR10764965 «Қазақстанның әртүрлі табиғи-климаттық аймақтары үшін бейімделген ресурс-энергия үнемдейтін және цифрлық технологияларды қолдану негізінде сүтті мал шаруашылығында ұстау, азықтандыру, өсіру және өсімін молайту технологияларын әзірлеу» тақырыбындағы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурс шеңберінде жүзеге асырылған.

Шевченко Павел Викторовичтің «Солтүстік Қазақстан аймағы жағдайында абердин – ангусс тұқымының өнімділік сапасы мен репродуктивті ерекшеліктері» тақырыбы бойынша диссертациялық жұмысыты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі қаржыландыратын BR06249373 «Ірі қара мал шаруашылығында селекциялық әдістердің тиімділігін арттыру» ғылыми-техникалық бағдарламасы, «Қостанай облысында төлдердің өнімділігін арттырудың заманауи әдістерін қолдану және асыл тұқымды мал шаруашылығы селекциясындағы репродукция мәселелерін зерттеу» жобасы аясында және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің AP14973046 гранттық қаржыландыру «Қазақстан Республикасындағы абердин-ангусс тұқымының әзірлеу және кешенді бағалау» жобасы аясында жүргізген.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.

Зерттеу нәтижесінде Нусупов Аманжан Максутканович отандық селекция «Ертіс» типі мен симментал будандарында «Ертіс» типі малдарына қарағанда симментал тұқымды малдарының тұқымдық құндылықтарын нығайтқан, жас төлдердің өсіп-жетілуілері кезеңдер бойынша жоғарлаған, тайыншалардың алғашқы ұрықтану жастары мен тұмса сиырлардың сервис мерзімдері қысқарғанын айқындайды. Шетелдік селекция «Ертіс» типі мен қызыл-ала голштин будандарында «Ертіс» типі сиырларына қарағанда сауым маусымы кезінде сауылған сүттің көлемін ұлғайтты, сол сиырлардың желіндерінің құрылымдарын одан әрі жақсартып, тайыншалардың алғашқы ұрықтану жастарындағы тірі салмақтарын төмендеткен.

Доктарант Маратова Гүлдана Маратқызының зерттеуі Қазақстан Республикасында алғаш рет генетикалық құрылымын ескере отырып, бекіре тұқымдас балықтардың толықтырушы аналық үйірлерін (ТАҮ) құру жүргізілді. Алғаш рет Маңғыстау облысында тұйық жүйелі қондырғылар (ТЖҚ) жағдайында шаруашылықта өсіріліген өзіндік өндірушілерін пайдалана отырып бекіре балықтарының өсімін жасанды молайту

жұмыстары жасалған. Өміршеңдігі жоғары шабақтар алынып, генетикалық төлқұжаттарын қалыптастырған.

Кубекова Бахыт Жанайдаровна ғылыми зерттеу жұмысы Қостанай облысының Мендіқара ауданында орналасқан «Заря» АҚ және Беимбет Майлин ауданында орналасқан «Викторовское» ЖШС-да голштиндердірілген қара ала тұқымы төлдерінің өсіп дамуы мен сиырларының экстерьерлік-конституционалдық, желіннің морфо-функционалдық көрсеткіштері, сүт өнімділігі мен сүттің физико-химиялық құрамы мен табиғи резистенттілігін зерттелінген.

Құлжанова Ботагөз Оңдасынқызының «Қой сүтінен өндірілетін ұлттық тағамдар технологиясының ғылыми негіздері» жұмысының нәтижелері бойынша алғаш рет Қазақстанда қой сүтінен ұлттық өнімдерді өндіру нәтижелері, сүт өнімдерін өндіруші және өңдеушілер арасында ғана емес, сонымен қатар қой өсіруші фермерлер арасында үлкен сұранысқа ие болған. Емдік-профилактикалық қасиетке ие қой сүтінің тағамдары, мектепке дейінгі тәрбие беретін, денсаулық сақтау және рекреация орындарында үлкен сұранысқа ие екендігін дәлелдеген. Қазақстанда қазақ биязы жүнді, оңтүстік қазақ меринос, етті меринос және ордабасы қой тұқымы өсірілетін шаруашылықтардың саулықтарын төлдегеннен соң 30-45 күнінен бастап саууды ұсынған.

Бекболатова Айнагуль Такеновнаның диссертациясының нәтижесінде етті бағыттағы ірі қара мал өсіретін шаруашылықтарға етті мал табындарын құру кезінде ет өндіру көлемі мен сапасын арттыру мақсатында отандық тұқымдарымен қатар шетелдік импортталған қалмақ тұқымының өсімталдығы жоғары типті аталық іздерінен тараған өндіруші-бұқаларын пайдалануды ұсынған.

Смаилова Мадина Нурбековнаның диссертациясының нәтижесінде алғаш рет Қостанай облысының қара-сұрғылт тұқымды тұңғыш төлдерінің өсуі, дамуы, көбею қасиеттері мен сүт өнімділігі бойынша кешенді зерттеулер жүргізілген. Қара-ала тұқымды жөндеу ұрғашыларды өсіру технологиясының олардың алғашқы лактация кезіндегі кейінгі сүт өнімділігіне әсері туралы жаңа деректер алынған. Жүргізілген зерттеулер негізінде қара-ала тұқымды жөндеу ұрғашыларын өсіру технологиясы оңтайландырылған және жетілдірілген.

Шевченко Павел Викторовичтің «Солтүстік Қазақстан аймағы жағдайында абердин – ангус тұқымының өнімділік сапасы мен репродуктивті ерекшеліктері» тақырыбындағы жұмыста Қостанай облысын қамтитын Солтүстік Қазақстан жағдайында алғаш рет отандық және шетелдік селекцияның әртүрлі линияларға жатқызылатын абердин-ангус тұқымды ірі қара малды жақсарту әдістерін ғылыми-кешенді зерттеу жүргізілген. Абердин-ангус тұқымды малдың әртүрлі жынысты және жас топтарындағы ірі қаралардың селекциялық және генетикалық көрсеткіштерін линиялар контекстінде есептеуді ескере отырып, өнімді және репродуктивті қасиеттеріне кешенді бағалаған. Фенотипі бойынша да, генотипі бойынша да (ДНҚ технологияларын қолдану арқылы) сипатталған, бұл мал

шаруашылығын дамытудың қазіргі жағдайында ИАБ бағдарламасына республикалық орталықтандырылған асыл тұқымды тіркеуді ұйымдастыруға енгізілген.

5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып.

Диссертациялық Кеңестің отырыстарында қорғалатын диссертациялық жұмыс бойынша ресми рецензенттер қаралды және бекітілді. Ресми рецензенттер докторлық зерттеу тақырыбы бойынша жарияланымдары бар, тиісті мамандық бойынша ғылыми дәрежесі мен атақтары бар ғылыми ұйымдардың жетекші ғалымдарын тағайындалды. Диссертацияны және жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде ресми рецензенттер диссертациялық кеңеске жазбаша пікірлер ұсынды, онда олар таңдалған тақырыптың өзектілігін, ғылым үшін маңыздылығын, Тәуелсіздік принципін, ішкі бірлік принципін, ғылыми жаңашылдық принципін, пайдаланылған дереккөздер мен ұсынылатын ақпараттың сенімділік принципін, практикалық құндылық принциптеріне сәйкестігін бағалады, соның негізінде марапаттау мүмкіндігі туралы қорытынды берді мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежелері. Тартылған ресми рецензенттердің жұмысы және олардың пікірлері қойылған талаптарға сәйкес келді.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

- диссертацияларды қорғауға жіберетін кафедралар диссертацияға ұсынылғанға дейін докторлық жұмыстың сапасына және құжаттарға ерекше назар аударуы керек, сондай-ақ диссертациялық кеңеске PhD дәрежесін алу үшін ұсынылатын ғылыми жұмыстардың сапасы үшін ғылыми кеңесшілердің жауапкершілігін күшейтуі керек. Бұл рәсім қорғалатын диссертациялардың ғылыми деңгейін жақсартуға мүмкіндік береді.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) – 7 жұмыс қабылданды (4-жұмыс сырттан).

2) қараудан алып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) – жоқ.


3) ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) – жоқ.

4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) – жоқ.

5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) – жоқ.

б) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) – жоқ.

Диссертациялық
кеңестің төрағасы



Омбаев А.М.

Диссертациялық
кеңестің ғалым хатшысы



Исхан К.Ж.

« 08 » 01 2025 ЖЫЛ